


МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-июль 2023 г.



45

МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)
- Мебель деревянная для столовой и гостиной



114,7

% ИФО

\$6,3

МЛН.



ЭКСПОРТ

Импорт 65%

ОТП 35%

\$235,6

МЛН



РЫНОК


\$154,1

МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 6 мес. 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 жылғы қаңтар-шілдедегі жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде 45 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен **25,3% жоғары**. Саланың ФКИ көрсеткіші қаралған кезеңде **114,7%** құрады.

ФКИ артуы ас үйге арналған жиһаз өндірісінің 27,4%; жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керуеттер мен шкафтардан басқа) өндірісінің 21,7%; металл каркасты арнайы отыруға арналған жиһаз өндірісінің 17,1% артуына байланысты.

Жиһаз өнімін тұтынудың ішкі нарығы 2023 жылғы қаңтар-маусым қорытындысы бойынша **235,6 млн долл. АҚШ** (106,5 млрд теңге) құрады. Отандық өндіріс үлесі 35% құрады.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-маусымда 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе **6,3 млн. АҚШ долл. құрап, 69%** өсті.

2023 жылғы қаңтар-маусымда жиһаз саласы экспортының тауар құрылымында негізгі көлемді төмендегі тауарлар құрады: металл жиһаз (2 258,3 мың АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын металл жиһаз (492,4 мың АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған жиһаз (429,6 мың АҚШ долл.), ағаштан жасалған жиһаз және оның бөлшектері (418,7 мың АҚШ долл.), отыруға арналған жиһаз (411,8 мың АҚШ долл.), ағаш жиһаз (387,4 мың АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын ағаш жиһаз (285,6 мың АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі Ресейге (жалпы экспорт көлемінің 38,5% экспорта немесе 2,4 млн долл. АҚШ), Қырғызстанға (19,7% немесе 1,2 млн долл. АҚШ), Өзбекстанға (15,5% немесе 977 мың АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-маусымда ақшалай көріністе 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда **154,1 млн АҚШ долл. құрап 17,8%** төмендеді.

Тауар құрылымында импортталатын өнімнің ең жоғары көлемін ағаш жиһаз (29,3 млн АҚШ долл.), басқа да металл жиһаз (17,9 млн АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған жиһаз (15,6 млн АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаз (14,7 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған басқа да металл жиһаз және оның бөлшектері (8,9 млн долл. АҚШ) және т.б. құрайды.

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (52,3 млн долл. АҚШ немесе жалпы импорт көлемінің 33,9%), Қытайдан (33,9 млн долл. АҚШ немесе 22%), Түркиядан (17,7 млн АҚШ долл. немесе 11,5%), Белорусиядан (15 млн долл. АҚШ немесе 9,7%), Италиядан (9,2 млн долл. АҚШ немесе 6%) келеді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Алайда, еліміздің жиһаз өнімінің 26% (11,9 млрд теңге) Алматы қ. өндірілетіндігін атап өткен маңызды.